

В. И. Пацаев атындағы №2 Алға орта мектебі

*Ерекше білім беру қажеттілігі бар
Нургуат Алинурға арналған
Сөйлеуді дамыту ұйымдастырылған
оқу іс-әрекетінің бағдарламасы*

2023 – 2024 оқу жылы

Сөйлеуді дамыту

№	Тақырыбы	Максаты	Сағат саны
1	«Кел, танысайық!»	Мектеп қызметкерлерінің еңбегімен таныстыру. Олардың еңбегі туралы әңгімелеп айтып беруге үйрету. Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау; тыңдалған мәтіндегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып жеткізу	2
2	«Менің досым»	Өзінің достары туралы әңгімелеп беруге үйрету. Сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсіну, мағынасы бойынша жақын/қарама-қарсы сөздерді сөйлегенде қолдану	2
3	Сыныптағы ойыншықтар мерекесі. Ойыншықтар айтысы.	Ойыншықтарды атай отырып, оларды сипаттауға үйрету.	2
4	Мектеп жиһаздары	Сурет бойынша әңгімелеп беру. Жиһаздардың қандай материалдан жасалатыны жайлы түсінік беру.	2
5	Бақытты отбасы.	Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау.	2
6	Біздің үй. (Сурет бойынша әңгіме)	Балаларға әр адамның үйі болатындығын түсіндіру	2
7	Бағдаршам – көшедегі көмекшім.	Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау.	2
8	Жомарт күз.	Балалардың күз мезгілінің ерекшелігін бақылау арқылы маусымдық өзгерістер жайлы білімдерін кенейту.	2
9	Тазалық пен ұқыптылық	Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау	2
10	«Жеміс-жидектер мен көгөністер»	Сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсіну, мағынасы бойынша жақын/қарама-қарсы сөздерді сөйлегенде қолдану	2
11	Спорт – денсаулық кепілі	Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау.	2
12	Денсаулық еліне саяхат	Сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсіну,	1
13	Отан деп соғады жүрегім	Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау	2
14	Ауылымызға саяхат.	Берілген тақырып аясында диалогке қатысу	2
15	Елордасы - Астана.	Республикамыздың қалай аталатыны қазіргі орталығы бас қаласы туралы мағлұмат беру	2
16	Қанаттылар тіршілігі	Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау	2
17	Мөлдір бұлақ	Берілген тақырып аясында диалогке қатысу	2
18	Жануарлар қайда тұрады?	Сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсіну, мағынасы бойынша жақын/қарама-қарсы сөздерді сөйлегенде қолдану.	1

В.И.Пацаев атындағы №2 Алға орта мектебінің педагогикалық кеңесі
негізінде бекітілді

№1

«30» тамыз 2023жыл

Мектеп директоры:



Куспанов Е.С.

Құрастырушы: тәрбиеші Сулейменова А.Е.

Пікір жазғандар:

Таскинбаева А.Х. директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Сөйлеуді дамыту ұйымдастырылған оқу іс- әрекеті ерекше білім беруді қажет ететін баланы оқытуға аптасына 2 сағат барлығы 48 сағат берілген. Сөйлеуді дамыту сабағының мақсаты: баланың есте сақтауын және зейінін дамыту. Ауызша сөйлеу тілінің кемістіктерін түзету. Өзінің ойын ауызша байланыстырып сөйлеуге үйретуге негізделіп құрылды.

19	Қысқы орман	Тыңдалған мәтіндегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып жеткізу	1
20	Алматыға саяхат	Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау	1
21	Өскенде мен кім болам?	Берілген тақырып аясында диалогке қатысу	1
22	Көліктер және оның түрлері	Берілген кіріспесі бойынша әңгіме мазмұнын болжау. Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау.	1
23	Өмірге келдім	Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау	1
24	Қонақжайлылық	Берілген тақырып аясында диалогке қатысу	1
25	Қос ішекті домбыра	Сөздер мен фразаларды дұрыс дыбыстау	1
26	Атамның ауылында	Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау	1
27	Жолда абайла.	Берілген тақырып аясында диалогке қатысу	1
28	Кітап-алтын казына	Сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсіну, мағынасы бойынша жақын/қарама-қарсы сөздерді сөйлегенде қолдану	1
29	Ағайынды екеуіміз	Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау	1
30	Ынтымақ мерекесі	Берілген тақырып аясында диалогке қатысу	1
31	Жеңіс мерекесі	Жеңіс күні туралы түсінік беру	1
32	«Қасқыр, түлкі, әтеш» ертегісі	мазмұнын түсіндіру. Сөздік қорларын толықтыру, сөйлеу мәдениетін ойлау қабілетін дамыту	1

Түсінік хат

Бұл перспективалық жоспар ерекше білім беруді қажет ететін мектепалды даярлық тобында білім алып отырған Нургуат Алинурға тіл ерекшеліктері мен танымдық қызмет деңгейі ескеріле отырып құрылды. . Аптаның нормативтік жүктемесі және типтік арнайы білім беру мекемелеріне арналған оқу бағдарламасы мен оқу жоспары басшылыққа алынды.

Бұл балаға психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру мекемесінің қойған диагнозы: «Задержка психического развития ОНР I-II-уровня Трудности поведения» Ол Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №721 бұйрығының қосымшасына сәйкес оқытылады.

«Сөйлеуді дамыту» сабағының мазмұны бөліктерден тұрады және күтілетін нәтижелер түріндегі оқыту мақсаттары бар оқу бөлімдерінен ұйымдастырылды. Әр бөліктің ішінде дәйекті түрде ұйымдастырылған оқу мақсаттары, педагогтарға өз жұмысын жоспарлауға және балалардың жетістіктерін бағалауға, сонымен қатар оқытудың келесі кезеңдері жөнінде акпараттандыруға мүмкіндік береді.

Сөйлеуді дамыту

«Қатынас білім беру» саласының мазмұны – сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу ұйымдасқан оқу ісәрекетінде жүзеге асырылады.

Мақсаты: балаларда тілдік дағдыларын, ерікті және қисынды пайдалану дағдысын дамытуды.

Сөйлеуді дамыту

Міндеттері:

- 1) балалардың эмоционалды, тұрмыстық, заттық және ойын тәжірибесі мазмұнымен байланысты сөздік қорын кеңейту;
- 2) сөз жасау және сөз өзгерту дағдыларын дамыту;
- 3) сөз сөйлеуде түрлі типтегі сөйлемдерді (қарапайым және күрделі) пайдалану дағдысын дамыту;
- 4) ересек адамдармен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;

«Сөйлеуді дамыту» сабағының мазмұны бөліктерден тұрады және күтілетін нәтижелер түріндегі оқыту мақсаттары бар оқу бөлімдерінен ұйымдастырылды. Әр бөліктің ішінде дәйекті түрде ұйымдастырылған оқу мақсаттары, педагогтарға өз жұмысын жоспарлауға және балалардың жетістіктерін бағалауға, сонымен қатар оқытудың келесі кезеңдері жөнінде ақпараттандыруға мүмкіндік береді.

Күтілетін нәтиже:

Сөйлеуді түсінуді дамыту. Жолданған сөз сөйлеуді тыңдау. Күнделікті пайдаланатын, жалпылама, абстрактылы мағынасы бар қарапайым сөздердің (қуаныш, қыс және т.б.) лексикалық маңызы мен мәнін түсінеді. Мағынасы жақын және қарама-қарсы сөздердің мағынасын түсінеді. Тілдің лексикалық құралдарының дамуы. Тұрмыста жиі кездесетін заттардың атауларын атайды. Заттардың қасиеттерін және олармен жасайтын негізгі қимыл-әрекеттерді атай алады. Ассоциативті-ситуативті ұстаным бойынша аталған сөзге сөзді таңдай алады (шана-қыс, кеме-теңіз). Ересек адамның көмегімен қарама-қарсы мәні бар- антонимдерді қолжетімді сөздерді таңдап алады. Түсінеді және ересек адамның бақылауында жалпылама сөздерді пайдаланады.

Тілдің грамматикалық құралдарының дамуы. Қарапайым грамматикалық санаттарды пайдаланады: зат есімдердің саны және тегі, кейбір қарапайым көмекші сөздер мен септіктер. Сөз жасау мен сөз өзгертудің қарапайым дағдылары қалыптасты.

Фразалық сөз сөйлеудің дамуы. Қарапайым сөз құрамдары мен сөйлемдерді құрастырады. Қарапайым жайылма және одан күрделі сөйлемдерді пайдаланады. Айтуы бойынша сөйлемдерді ажырата алады (хабарлы, сұраулы, лепті) және оларды сөйлеу кезінде пайдаланады.

Диалогтық сөйлеудің дамуы. Қарапайым өтініштер, жолдаулар арқылы өз қажеттіліктері мен тілектерін білдіреді. Ересек адамның бақылауында естіген және көрген жайында сұрақтар қояды. Оқылған немесе айтылған мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді.

Монологтық сөйлеудің дамуы. Сөйлеу арқылы оқиғалардың бірізділігін жеткізеді. Екі-үш сөйлемнен шағын сипаттамалы әңгімелерді құрастырады. (педагогтың сұрақтары көмегімен). Шығармашылық баяндап берудің қарапайым дағдылары қалыптасты: ересек адамдардың көмегімен әңгіменің жалғасуы мен аяғын ойдан шығарып береді. Қарапайым өлеңдерді, санамақтарды жаттайды.